

"Жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 25 сәуірдегі № 560 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 31 шілдедегі № 195 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 10 тамызда № 5160 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 4 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 12.01.2021 № 4 қаулысымен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына, "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 2 шілдедегі Заңының 18-бабының 17) тармақшасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы" Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2008 жылғы 25 сәуірдегі № 560 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2484 нөмірімен тіркелген, 2008 жылғы 19 маусымдағы № 80-81 (15990) "Дидар", 2008 жылғы 19 маусымдағы № 92-93 (18526) "Рудный Алтай" газеттерінде жарияланған) қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Шығыс Қазақстан облысының жергілікті маңызы бар Тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімі осы қаулыға қосымшаға сәйкес 1-1 тармақпен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Шығыс Қазақстан облысының
әкімі*

Д. Ахметов
Шығыс Қазақстан облысы
әкімдігінің

№	Ескерткіштің атауы	Ескерткіштің түрі	Ескерткіштің орналасқан жері
1	2	3	4
Абай ауданы			
1-1	Қоңыр әулие үңгірі, біздің заманымыздың VII-VIII ғасырлары	археология	Токтамыс батыр ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 18 шақырым қашықтықта, Шаған өзенінің оң жағалауында орналасқан. Географиялық координаттары: N 49°06'19,03" E 78°32'04,45"